



«Арқалық қаласындағы орталықтандырылған
кітапхана жүйесі» ММ
Әдістеме-библиография бөлімі



«Бір ел – бір кітап» акция шежіресі

/библио-бүктеме/



«Арқалық қаласындағы орталықтандырылған
кітапхана жүйесі» ММ
Әдістеме-библиография бөлімі

«Бір ел – бір кітап» акция шежіресі

/библио-бүктеме/

Арқалық қаласы 2025 жыл

ӘОЖ 011
КБЖ 91
Б 64

Құраст., компьют.терген: С. М. Көшкінбай
Жауапты: ред: Д. Е. Құсайын

Құрастырушы: С. М. Көшкінбай
Шығарымға жауапты: Д. Е. Құсайын
Мұқабаны безендірген: С. М. Көшкінбай
Редактор: Д. Е. Құсайын

Бір ел – бір кітап акция шежіресі [Мәтін] : [библио – бүктеме] // Республикалық Бір ел – бір кітап акциясы 2007-2025 жылдар аралықтағы таңдалған жыл кітаптары туралы) : Әдістемелік құрал /«Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ Әдістеме-библиография бөлімі ; [құраст.; С. М. Көшкінбай; шығарылымға жауапты Д. Е. Құсайын; ред. Д. Е. Құсайын]. – Арқалық : [б.б.], 2025. – 36 б. : сурет. – қазақ тілінде.

«Бір ел – бір кітап» акциясы – Қазақстандағы әдебиет пен кітап оқу мәдениетін насихаттауды мақсат еткен жоба. Ол 2007 жылы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің бастамасымен іске қосылды. Акцияның негізгі мақсаты – қазақ әдебиетінің классиктерін таныту, жас ұрпақты кітап оқуға баулу және еліміздегі мәдени өмірге үлес қосу. Әр жыл сайын Қазақстанның кітапханаларында белгілі бір жазушының шығармаларын кеңінен оқуға ұсынып, сол жылы «Бір ел – бір кітап» атауымен таңдалады. Бұл акция әртүрлі жанрдағы шығармаларды қамтиды, бірақ көбінесе қазақ әдебиетінің классикалық және заманауи туындылары таңдалады. Акция халықты кітап оқуға, мәдениетке деген қызығушылықты арттыруға бағытталған маңызды бастама болып табылады.

©Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі,
Әдістеме-библиография бөлімі

Құрастырушыдан

Құрметті оқырмандар! Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесінің әдістеме-библиография бөлімі «Бір ел – бір кітап» акция шежіресі атты библио-бүктемені сіздердің назарларыңызға ұсынады.

Қазақстанның мәдени өміріндегі ерекше маңызға ие болған «Бір ел – бір кітап» акциясы 2007 жылы басталып, жыл сайын еліміздің әдебиеті мен мәдениетін дамытуға зор үлес қосып келеді. Бұл акция қазақ әдебиетінің жауһарларын насихаттап, жас ұрпаққа өз халқымыздың классикалық және заманауи шығармаларын таныстыруға бағытталған бірегей жоба болып табылады. 2007-2025 жылдар аралығында өткізіліп келген акцияның әр жылы таңдалған әдебиеттері қазақ қоғамының мәдени және рухани құндылықтарын дәріптеу мақсатында жүзеге асырылды. Бұл жылдары әр түрлі жанрлар мен тақырыптарды қамтитын шығармалар арқылы еліміздің әдеби мұрасы кеңінен насихатталды.

Осы «Бір ел – бір кітап» акциясы арқылы халықтың кітап оқу мәдениеті нығайып, әдебиетке деген қызығушылық артты. Акция аясында ұсынылған шығармалар қазақ әдебиетінің алтын қорын ғана емес, әлемдік әдебиеттің де құндылықтарын танытуға мүмкіндік берді. «Бір ел – бір кітап» акциясының тарихын жинақтаған бұл библио-бүктеме еліміздің әдеби мұрасын қорғау, оны болашақ ұрпаққа жеткізу жолындағы біздің ортақ еңбегіміздің бір парасы болып табылады.


Сіздерді осы бірегей бастаманың шежіресімен танысып, әр жыл сайын ұсынылған кітаптардың рухани байлығына терең үңілуге шақырамыз.

Әр кітаптың артында қазақ халқының тарихы мен мәдениеті жатыр, ол бізге ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға мүмкіндік береді. Сондықтан, оқырмандар сіздерге осы акция аясында ұсынылған кітаптар мен шығармаларға көңіл бөліп, олардың мазмұнын терең түсінуге, әдебиет әлеміне енуге шақырамыз.

Акция тарихы

Қазақстандық «Бір ел – бір кітап» жобасының идеясы АҚШ-та өте танымал болған «Бір кітап, бір Чикаго» және «Егер Сиэтлдің бүкіл тұрғыны бір кітапты оқыса» деген кітапханалық жобаларына негізделген. Шартқа сәйкес бүкіл қала тұрғындары бір мезгілде бір шығарманы оқуға тиіс. Бір кітап жалпы қала болып оқу идеясы АҚШ-тың солтүстік – батысындағы ірі қала Вашингтон штатына қарасты – Сиэтл көпшілік кітапханасының кітап орталығы тарапынан ұсынылған. 1998 жылы тақырыбымен алғаш өткізілген акцияның мақсаты – Сиэтл халқының бірлігін нығайту және оларға оқуды насихаттау. Бұдан соң осыған ұқсас мәдени шаралар Чикаго, Буффало, Рочестер қалаларында да ұйымдастырылды. «Бір кітап, бір Чикаго» бағдарламасы Чикаго жұртшылығына белсенді ықпал ету арқылы Чикаго көпшілік кітапханасында басталды. Оның мақсаты қаланың ересек тұрғындары мен жастарын бір кітапты бір уақытта оқуға және оны ұжым болып – отбасында, жұмыста жолдастары мен таныстары арасында, кітапханаларда оқу мекемелерінде, кітап дүкендерінде, діни ұйымдарда, кафелерде және басқа да қоғамдық орындарда талқылауға ынталандыру болып табылады. Мұндағы басты принцип – кітап пен оқырман арасын жақындатып, бір шығарманы көпшілікпен бір уақыт аралығында оқып, талқылау. Бүгінде «Бір ел – бір кітап» акциясы көптеген елдерде кең тараған. Елімізде оқу мәдениетін, кітап оқу мәселесі осыдан бірнеше жыл бұрын республикалық көлемде қолға алынуда. Бұған 2007 жылы Астанада өткен «Оқитын ел – бәсекеге қабілетті ел негізі» атты халықаралық оқу конгресі айқын айғақ. Конгресс жұмысының нәтижесінде сол жылдан бастап ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы «Бір ел – бір кітап» акциясын өткізуді бастады. Осыдан бастап аталмыш акция ел тарихында елеулі орын алар ерекше оқиғаға айналды. 2007 жылдың қыркүйек айындағы Елімізде «Бір ел – бір кітап» акциясы басталды. «Республикамыздағы танымал саясат және қоғам қайраткерлері оқи бастады» деп аталатын ақпараттар ағыны кімді де болса елең еткізіп, Қазақстанның мәдени өмірінде өзгеше бір жаңалық басталғанын әйгілегені анық. Акцияның ұйымдастырушылары – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрілігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасы мен Қазақстан Республикасы кітапханашылары қауымдастығы. Алғашқы жылы акцияның ұйымдастыру комитеті құрылып, Қазақстан халық жазушысы, ақын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлығының иегері Фариза Оңғарсынова ұйымдастыру комитетінің төрайымы болып сайланды. Акцияның ережесі жасалып, сол ережеге сәйкес жыл сайын ұлттық гуманизм мен жалпы азаматтық идеяны бейнелейтін, ел тарихы мен заман дамуына сай, әрі қоғамдық пікірталасқа түрткі бола алатын туындылар таңдап алынып отырады. Оқырмандар арасында жыл кітабына таңдау жасау сұрапыл, арнайы сауалнамалар жүргізу арқылы ел тарихы мен мәдениетінен хабардар етер құнды көркем туынды немесе шоқтығы биік поэзиялық шығармалар іріктеліп, ұйымдастыру комитетінің шешімімен жыл кітабы бекітіледі.

2007-2025 жылдар аралығындағы «Бір ел - бір кітап» акциясына таңдалған әдебиеттер



Абайдың көркемдік, әлеуметтік гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі - қара сөздері. Абайдың қара сөздері (Ғақлия) - ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Жалпы саны қырық бес бөлек шығармадан тұратын Абайдың қара сөздерінің тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әр алуан. Оның алты-жеті үлгісі

қысқа болса, қайсыбіреуі мазмұн, тақырып жағынан өзгешелеу, ауқымды болып келеді. Абай өзінің қара сөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зер салған. Сөйтіп көркемдік шеберлік пен ғылыми зерделік арқылы көркемдік сана мен философиялық сананы ұштастырады. Абайдың қара сөздеріндегі гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік ойлары дін туралы пікірлерімен бірігіп, тұтас бір қазақ халқының философиялық концепциясын құрайды. Абайдың қара сөздері сондай-ақ жалпы адамзат баласына ортақ асыл сөзге айналды.

Оның қара сөздерінің бірнешеуі ең алғаш 1918 ж. Семейде шыққан "Абай" журналында жарық көрді. Кейіннен, Абайдың қара сөздері орыс, қытай, француз, т.б. көптеген әлем тілдеріне аударылды.

2007 жылы алғаш рет таңдалып алынған Ұлы тұлға Абайдың **«Қара сөздері»** оқырмандарын өзі мен айналасындағыларды танып білуге, озық гуманистік ойға жетелесе,



2008 жылы М.Әуезовтің **«Қилы заман»** повесі кейіпкерлерінің мінез – құлқы мен заман тартысы арқылы жастарды Отаншылдыққа үндеді. Ақцияның мақсаты – ұлттық әдебиетіміздегі ең үздік деген туындыны оқу және насихаттау, оқу ісін ілгерілету, рухани мұрамызды сақтау, сондай – ақ, жастарды отаншылдыққа әрі өнегелілікке тәрбиелеу. Сонымен қатар, акция қоғамның отандық әдебиетке, оның ішінде классикаға, қазіргі әдебиет пен поэзияға деген қызығушылығын әрі қарай жоғарлатуына мүмкіндік туғызады.




2009 жылы оқу акциясына «Ұлттық поэзия падишасы» болып саналатын Мағжан Жұмабаевтың махаббат лирикасы, оның оқырмандарға таныс **«Жан сөзі»** жинағы таңдалып алынды. Жыл сайын өткізіліп отырған оқу акциясын өзінің оқырмандарға қажет екендігін, өміршеңдігін дәлелдеп отыр.



2010 жылы қазақтың қаһарман ақыны Жұбан Молдағалиевтің **«Мен қазақпын»** поэмасы асқақ үнімен оқушыларды рухтандырды. Жұбан Молдағалиев өзінің атақты «Мен қазақпын» поэмасымен қазақ әдебиетінің ірі тұлғасына айналған. Бұл поэмада ақын қазақ халқының өткен өмірі мен тағдыры жайлы лирикалық – публицистикалық стильде толғана жырлады. Қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін ашуда, оның ерлік дәстүрі, туған жер мен ел, оның байлығы, адамдары жайлы асқақтата көркемдеп өрнектелген, қазақ халқының басынан кешірген небір қиын

кезеңдерді суреттей білген. Қазақ халқының елдігі мен салтын, ұлттық қасиетін сақтап қалғанын мақтана, асқақатата жырға қосады. Оқырмандарын жігерлендіре, ерлік, қазақ екенін тағы да жүрек жара, жан даусымен қуана, шаттана жеткізе Отансүйгіштік жырларымен халық жүрегінен орын тепкен ақын.



2011 жылы жерлесіміз, көрнекті жазушы, ақын, драматург, сыншы, аудармашы, Жүсіпбек Аймауытовтың **«Ақбілек»** романы халықтық талқылауға таңдалып алынды. Қазақ елінің тәуелсіздік алып, дербес мемлекет болғанына жиырма жыл толуымен тұспа тұс келуі кездейсоқтық емес, тәуелсіздікті аңсап, қазақ халқының отаршылдық пен ауқатты топтар езгісіне қарсы тұрып, тәуелсіздік үшін күрес идеясын сусындатқан жазушы. **«Ақбілек»** романы ұлттың талайлы тарихын, қазақ өмірінің қиын да, күрделі кезеңін, басты тұлғаның ауыр да

сындарлы сәттерін тағы сондай нақтылы көрініс, шынайы оқиға, бедерлі бейнелер арқылы көрсетіп, тақырып табиғатын, көркемдік - эстетикалық


мұраттарын шебер де шешен, шынайы үлгіде баяндаған байыпты, тағлымды туынды шығарма болып саналады.

2012 жылы көркем сөздің құлагері – Оралхан Бөкедің **«Қайдасың, қасқа құлыным»** повесі оқу акциясы бойынша оқылды. Оралхан Бөкей – қазақ әдебиетінде өзіндік өрнегін салған қаламгер, оқырманын өзгеге ұқсамайтын қолтаңбасымен таңқалдырды. Туған жері – Алтайдың сұлулығын, тәкаппарлығын, асқақтығын жырлаған жазушы, қамшы сабындай қысқа ғана ғұмырында өзін де, туған әдебиетінде осындай асқар асуға шығарып үлгерді. Бұл повесінде автор жазушы туған жер табиғатын тамсана суреттеп, өз әкесіне деген балалық махаббатын сүйсіне суреттейді. Ал шығармадағы оқиға желісіне байланысты биенің егіз тууы жаман ырымға жорылып біреуін өлтіреді. Осы оқиғаға өкініш білдірген келесі туған құлынын анасы өзі өлтіргендігін суреттей келе автор көңілінде қасқа құлынға деген аяушылық, өкініш сияқты сезімдер туындайды.



Ескі ырымға сенбей құлынды өлтірмесе, мүмкін ол қазақтың құлагері болар ма еді деген ой түйген. «Қайдасың, қасқа құлыным» повесі тақырыбы мазмұнды, маңызды, қазақ әдебиетінде өзіндік ерекшелігі, өнегері бар шығарма. Абай, Мұхтар, Мағжан, Жұбан, Оралхан секілді алып тізбегінен тұратын оқу акциясының сипаты біртіндеп жалпыұлттық деңгейге көтерілуде. Жыл сайынғы жалпы оқуға қатысушы оқушыларымыздың саны ұлғайып, өткізілген іс – шараның көлемі артып, түрлері жан – жақты жаңашалануда.

2013 жылы «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында өз оқырмандарына жол тартқан «Дауа» кітабы – Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көрнекті қазақ ақыны Фариза Оңғарсынованың төл туындысы. Бұл жинақ таңдамалы өлеңдерден тұрады. «Дауа» кітабының негізгі мазмұндық идеясы – жастарға шығармашылық жол; яғни соның ішінде өзіндік ойымен өлең шығару дарындылығын пайдалану арқылы кез – келген жаман істерге, арам ниетке биәдеп қылықтарға, тіпті жазылмас дертке де қарсы тұруға үйрету.






2014 жылы қазақ прозасында орны айқын, көркемдік әлемімен баураған жазушының бірі, жазушының шығармалары орыс, өзбек, татар, украин, белорус, грузин, әзірбайжан, литва, араб тілдерінде жарық көрген. Жазушы Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының, М. Әуезов атындағы әдеби сыйлықтың және Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. Сайын Мұратбековтың **«Жусан иісі»** және **«Басында Үшқараның...»** атты шығармалары ең көп дауыс жинап, жыл кітабы болып таңдалды. Қазақтың көрнекті қаламгері Сайын Мұратбековтың



шығармалары оқырмандарға кеңінен мәлім. «Жусан иісі» повесін кезінде оқырмандар жылы қабылдап, ыстық ықыласын білдірген. Қаламгер әңгімелерінің басты тақырыбы мен көтерген өзекті мәселесі - ауыл өмірі мен әлеуметтік жағдайдың өзара байланысын суреттеу арқылы кейіпкердің азаматтық табиғи болмысын, адамгершілік позициясын, рухани тазалығын, жан сұлулығын, нәзік құбылыстарын, сан қырлы қайшылықтарын, психологиялық этюдтермен өрнектеу. Осы мақсатта, ауыл адамдарының адалдығын, аңқылдақ, кіршіксіз ақкөңіл мінездерін,

бауырмалдығын, ішкі ой-сезім иірімдерін, мұңы мен мұратын көркемдейді, күйкі тірлікті мінеп, оқырмандарына ой салады.



2015 жылы «Бір ел — бір кітап»

республикалық акциясын Ұйымдастыру комитетінің шешімімен жыл кітабы ретінде, яғни 2015 жылы бүкіл ел болып оқуға Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангер, қазақ совет қаламгерлерінің ішінде алғашқылардың бірі болып тарихи романдар жазып, әлемге танымал болған жазушы, драматург, ақын, сценарист Ілияс Есенберлиннің **«Көшпенділер»** трилогиясы таңдалғаны туралы хабарлама Ұлттық академиялық

кітапхана сайтында жарияланды. Бұл таңдау классик жазушы, ғажайып сөз зергері Ілияс Есенберлиннің 100 жылдық мерейтойының ЮНЕСКО аясында

дүниежүзілік дәрежеде аталып өтуімен және жоғарыда аталған тарихи оқиғалармен тұспа-тұс келіп отыр. Қазақтың көрнекті жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Илияс Есенберлин — ұлт тарихын көркем әдебиетте алғаш суреттеген қаламгер.


Ұлттың рухын оятқан «Көшпенділер» трилогиясы орыс тілінің өзінде 12 рет басылып, 1,5 миллион тиражбен тарады. Жалпы бұл трилогия әлемнің 30 тілінде жарық көріп, 50 рет қайта басылды. 2005 жылғы есеп бойынша, дүние жүзіне таралған жалпы тиражы 3 миллион дана. Сондықтан әрбір өзін сыйлайтын адам Илияс Есенберлиннің тарихи трилогиясын оқуы қажет. Өйткені бұл атақты тарихи шығарма эпикалық құлаш-қарымымен, оқиғалардың серпінділігімен, қазақ тарихының жанды әрі қайталанбас тұлғалардың бейнесімен, тілінің шынайлығымен және айқындылығымен ерекшеленеді. Тарихта ешқандай «жоғалып кетулердің» болмағанын, осы ғасырлардың бәрінде де қазақ халқы өзінің ежелгі жерінде өмір сүріп, еңбек еткенін сенімді түрде көрсетеді.



мұндап, жыртысын жыртты.

2016 жылы «Бір ел – бір кітап»

акциясы аясында 2016 жылы Дулат Бабатайұлының «**Өсиетнама**» кітабы таңдалды. Қазақ әдебиеті тарихындағы озық ойлы жыраулардың бірі - Дулат Бабатайұлының шығармалары жүздеген жылдар өтсе де құндылығы жойылған емес. Оның поэзиясындағы басты нәрсе қазақ бұқарасының екі жақты қанаудағы ауыр күнін суреттеуге құрылған. Ол бұқара халықты, езгідегі момын жұртты көріп, солардың мұңын




2017 жылы Құрамында Қазақстан кітапханаларының басшылары болған **«Бір ел – бір кітап»** республикалық акциясын ұйымдастыру комитетінің шешімімен және Қазақстан Республикасының кітапқұмарлары арасында кітапханалар жүргізген сауалнама нәтижелерін сараптай келе, 2017 жылы жалпыға бірдей оқуға қазақ әдебиеті тарихына белгілі ақын, XIX ғасырдың көрнекті тұлғасы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармалары таңдалды. Қазақ поэзиясының биігіне өрмелеп шыққан ақын ол – Абайдан кейінгі ұлы ақындардың бірі. Ұлт үшін күрескен қайраткер. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы елімізді, ең алдымен, мәдени мұрамызбен, шығармашылық әлеуетімізбен ілгерілетуге үндейді. Сұлтанмахмұт Торайғыров ұлттық идеяның жыршысы. Қай кезді алып қарасаң да, қоғамның қозғаушы күші жастар болып табылады. Сұлтанмахмұт жастық жігерімен, патриоттық жырларымен жастарға үлгі болады. Өлеңдерінде жастарды оқу-білімге шақырды. Демек, бүгін де һәм болашақта да елеулі өзгерістердің орын алуы – жастардың қолында. Оқырман ұрпақ – Қазақстанның болашағы.

2018 жылы Жылдағы дәстүр бойынша **«Бір ел – бір кітап»** республикалық акциясына жыл бойына оқылатын кітап таңдалды. Биылғы оқу акциясына тұңғыш рет үш бірдей кітап таңдап алынды. **Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармалары, Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» және Немат Келімбетовтың «Үміт үзгім келмейді»** кітаптарын оқу жыл бойы насихатталатын болады. Естеріңізге сала кетейін, біз бұған дейін ең алғашқы акциямызды Абайдың **«Қара сөздерінен»** бастау алған болатынбыз. Одан кейінгі жылдары М.Әуезовтың **«Қилы заман»** повесі, М.Жұмабаевтың лирикасы **«Жан сөзі»**, Ж.Молдағалиевтің **«Мен қазақпын»** поэмасы, Ж.Аймауытовтың **«Ақбілек»** романы, О.Бөкейдің прозалық шығармалары, Ф.Оңғарсынованың **«Дауа»** жыр жинақтары, Сайын Мұратбековтың **«Жусан исі»** және **«Басында Ұшқараның...»** атты шығармалары, І.Есенберлиннің **«Көшпенділер»** трилогиясы, Д.



Бабатайұлының шығармалары таңдалып алынды. 2017 жылы қазақтың ақыны, ағартушы-демократы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармаларымен жалғасты. Акцияның мақсаты – жастарды патриоттыққа және адамгершілікке тәрбиелеуге, ана тілге мұқият қарауға, оқу мәдениетін қолдау және



дамыту мен сауаттылық бағдарламасын арттыруға, рухани мұраны сақтауға және оқуға, отандық әдебиетке деген жастардың қызығушылығын арттыру болып табылады. Шәкәрім Құдайбердіұлы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы ширегінде өмір сүрген ұлтымыздың көрнекті ақыны. Ұлы Абайдың Құдайберді деген ағасынан туған немере інісі. Шәкәрім – ақын ғана емес, ол – жазушы, тарихшы, композитор әрі

философ. Араб, парсы, түрік, орыс тілдерін жетік меңгеріп, бұл тілдерден аударма да жасаған.

Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлы **«Ұшқан ұя»** кітабында ата-бабасының шығу тегін, ерлік салтын, ұрпақ тәрбиесін, қарапайым ауыл адамдарының кісілік келбетін, мінез-құлқын, сол кездегі қоғамдық ортаны, әлеуметтік жағдайды, ізгі дәстүрімізді жазған.


Қазақтың Корчагині атанған жазушы, ғалым Немат Келімбетовтің **«Үміт үзгім келмейді»** хикаят-монологта ауыр науқасқа шалдығып, көп жылдар бойы төсек тартып жатқан мүгедек жанның өмірге деген шексіз құштарлығы, қайсарлығы, адамгершілігі, мөлдір махаббаты сөз болады. Науқас адамның сын сағаттағы сан қилы ой-толғаныстары бас қаһармандар Ержан мен Гауһардың монологтары арқылы берілген.




2019 жылы Жылдағы дәстүр бойынша «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында, биыл қазақтың екі бірдей тіртуар ақындарының шығармалары таңдалып алынды. **Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры»** романы, **Әбділдә Тәжібаевтың** өлеңдер жинағы ұсынылып отыр. Әбіш Кекілбаев қазақстанның халық жазушысы,

мемлекет және қоғам қайраткері. Атақты қаламгердің әдебиетке құмарлығы мектеп қабырғасында басталған. Әбіш Кекілбаевтың **«Аңыздың ақыры»** романы – аңыздың ізімен жазылып, ондағы оқиғаны философиялық-психологиялық астармен өрбіткен жазушы Әбіш Кекілбаевтың кесек

туындысы. Бұл роман алғаш рет «Махаббат мұнарасы» деген атпен жарияланған. Роман төрт бөлімнен тұрады. Шығарманың кейіпкерлері бар болғаны үшеу. Әмірші, Кіші ханым және шебер. Ұлы ханым, күтуші кемпір, бас шебер, Ахмет саудагерлер осы негізгі басты үш бейнені ашу үшін алынған. Әбділдә Тәжібаев жазушы, әдебиет зерттеуші, ғалым. Тәжібаев ұзақ шығармашылық ғұмырында тынымсыз ізденіп, үздіксіз еңбектеніп, тұтас бір дәуір шындығын жан-жақты, жоғары көркемдікпен бейнелеген өте мол мұра қалдырды.



2020 жылы Жыл сайынғы дәстүр бойынша «Бір ел–бір кітап» республикалық акциясының ұйымдастыру комитеті 2020 жылғы кезекті жыл кітабын таңдау нәтижесі бойынша **Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы мен Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» романын** жыл бойы оқуға ұсынып



отыр. Тарихымыз бен әдет-ғұрып, салт-дәстүрімізді ұштастыра білген шоқтығы биік шығармалардың бірі – «Абай жолы» романы. Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов өзінің осы эпопеясы арқылы ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетіне үлкен жаңалық әкелді. Мұхтар Әуезов Абайдың жеке басына түскен қиындықтан, жеке бас трагедиясынан халық трагедиясын көре білді. Данышпан Абайдың бала, жас Абайдан хәкім, дана Абайға дейінгі өмір кезеңін қамтитын бұл



шығарманың қазақ әдебиетінде алар маңызы зор. «Абай жолында» қазақ қоғамының алуан түрлі топтары кең қамтылып, сан қырлы көрініс тапқан. Сонымен қатар романда қазақ халқының тұрмысы, діні, жалпы дәстүрлері: жаз жайлауға көшу, аза тұту, ас беру, жұт,

болыс сайлау, дауға билік айту, аң аулау мен табиғи көріністері көркем айшықталған. «Абай жолы» - жай ғана тарих емес, көркемдік ойдың көрігінен өткен, бүкпесіз бейнеленген өмір шындығы, халықтың тағдыры, өткені мен келешегі жайында терең толғаныс. Абай – тұтас бір тарихтың


дүниеге келуіне себепкер болған тұлға. Жастайынан көңілді баурап алатын көне жыр, ескі әңгіме, аталы сөзді жадына тоқып өскен бала Абай өте зерек алғырлығымен ерекшеленеді. Үш жасында-ақ үлкен адамша сөз сөйлеуі оның қоғамнан ерек, заманынан озық туғанына дәлел. Мұхтар Әуезов Абайды әрі ақын, әрі қайраткер, әрі ойшыл ретінде, қай қырынан болсын ұрпаққа үлгі бейнесін оқырманға жақын бейнеледі. Абай жайында роман жазу жолында жазушыға кездескен кедергілер мен қиындықтар аз емес. Ең алдымен материал тауып, жинаудың өзі қияметтей қиындық келтірді. Сондықтан да жазушы өшіп қалған күл арасынан болар-болмас шоқ тауып, оны өз демімен үрлеп, жылытып, от тұтатқан жүргінші жолаушыдай сезінгені мәлім. **«Абай жолы»** романы - жазушының өмір-дәптері. Романның алғашқы кітабында балалық шақтан бастап, азамат болып қалыптасқан Абай бейнесі көрінеді. Абай - эпопеяның жаны мен жүрегі. Абай бейнесі Әуезов қиялында, оның қалам ұстаған, күнінен бастап өрбіген. Әуезовтың өзі Абайға, Абай өзіне айналып кеткенше бұл бейнені қағаз бетіне түсірмей тек іштей пісіре берген. Әуезов романның бірінші кітабын 1942 жылы, екінші кітабын 1947 жылы жазып бітірді. 1949 жылы бұл роман социалистік реализм әдебиетінің кесек, құнды шығармаларының бірі ретінде бірінші дәрежелі мемлекет сыйлығымен марапатталды. 1959 жылы төрт томдық эпопея жарық көргеннен кейін Лениндік сыйлықтың лауреаты атанды.



Әнуар Әлімжановтың өмір жолы - күрес жолы.

Ол ешкімге бас ұрмай, тек әділдікке, ақиқатқа табынып өтті. Оның жазушылық, азаматтық позициясы да осы принциптерден өріліп шықты. Ол тек қаламгер ғана емес, саяси қайраткер болды. **«Ұстаздың оралуы»** романында Ә.Әлімжанов сонау Х ғасырда өмір кешкен кемеңгер жерлес ғалымымыз, кезінде **«Шығыстың екінші ұстазы»** атанған

Әбунасыр әл-Фарабидің ғибратты өмірін сөз етеді. Адамдықтың, жақсылықтың мәңгілік жауы - надандық тұманын сейілту үшін, жамағатшылыққа ең адал, таза даму, көркею жолын іздеп, ақиқатпен, біліммен қаруландыру үшін өмір бойы еңбектенген, өз басының тыныштығы мен бақытын осы мақсатта құрбан еткен, ғажайып ғалым әл-Фарабидің өшпес өнегесін айту әрі ауыр, әрі құрметті міндет еді. Бір



халықтың емес, барша халықтың алдына білім шырағын жаққан, артына таусылмас мол рухани байлық қалдырған әл-Фарабидің жарқын тұлғасы романда үлгі аларлық болып шыққан. «Ұстаздың оралуы» романанда керемет бір идея бар. Ол - әл Фарабидің араб жұртына тек үйрену үшін емес, түркі әлемін, қыпшақ өркениетін таныту үшін жол тартқаны. «Ұстаздың оралуы» өзінің тақырыбы, жанры және идеялық көркемдік шешімдері жағынан бүкіл кеңес әдебиетіндегі салдарлы туындылар легіне қосылады. Қазақ елінің өткендегі тағдыры, шытырман жолы, қуаныштары мен өкініштері басты тақырыпқа айналған. Туған елдің өткендегі бұралаң жолдарын бүкіл аумағымен алып көрсету, ол кұбылыстарды әлемдік даму заңдылықтары мұнарасынан қарап бағалау қаламгерге мол творчестволық еркіндік, шабытына ұшқыр қанат, мақсатына мәнділік берген. Мұның бәрі оның қазақ әдебиетінде ешкімге ұқсамайтын, өзіне ғана тән дара да сара соқпақ табуына, әрбір шығармасында отандастар ойын нәрлендірерлік тың шешім іздеуіне жәрдемдеседі. Ә.Әлімжановтың қоғамдық қызметі де жазушылық тәжірибесімен сабақтас. Жүрегі қазағым, шығыс мәдениеті деп соққан қаламгердің ұлы бабамыз Әбунасыр әл-Фарабиді қазақ топырағына алып келуге осылайша нақты үлес қосқандардың алдыңғы легінде жүргенін қазіргі жұрт, неге екенін білмеймін, ұмыта бастады.

2021 жылы «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына – 30 кітап»

Жыл кітаптарын бірге оқиық! Дәстүрлі «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы оқырмандар арасында кеңінен танымал. Жоба әдебиетіміздің қазыналы туындыларын насихаттау, оқу мәдениетін қолдау және дамыту, жастарды рухани және патриоттық тәрбиеге баулуға бағытталған. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының бастамасымен ұйымдастырылып келе жатқан акция биыл 15-ші рет өткізілуде. Жыл кітабы болып таңдалған кітаптар республикалық, облыстық, қалалық, аудандық, ауылдық және мектеп кітапханаларында кеңінен насихатталатын болады. Биылғы жылы ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, жалпыхалықтық оқуға «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына – 30 кітап» рухани-мәдени акциясы ұсынылып отыр.

Назарларыңызға «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына – 30 кітаптың» тізімін ұсынамыз:

Поэзия

1. Мұқағали Мақатаев «Өмірдастан»
2. Жүмекен Нәжімеденов «Менің Қазақстаным»
3. Ұлықбек Есдәулет «Киіз кітап»
4. Серік Ақсұңқарұлы «Көкейімде Күлтегіннің жазуы»
5. Тоқтарәлі Таңжарық «Түн парақтары»
6. Бақытжан Қанапиянов «Достояние души»

Проза

1. Тынымбай Нұрмағамбетов «Періштелердің өлімі»
2. Тобық Жармағамбетов «Отамалы»
3. Сәуле Досжан «Қасірет пен тағдыр»
4. Юрий Серебрянский «Дәмді де пайдалы қазақстандық әдебиет»
5. Дәурен Қуат «Бөрісоқпақ»
6. Тұрысбек Сәукетай «Желқайық»

Драматургия

1. Рахымжан Отарбаев «Айна ғұмыр» пьесалар жинағы
2. Дулат Исабеков «Жеті желкен» пьесалар жинағы
3. Мәдина Омарова «Көмбе нанның дәмі»
4. Иран-Ғайып «Қорқыттың көрі» пьесалар жинағы
5. Думан Рамазан «Пешене» пьесалар жинағы
6. Сая Қасымбек «Жанталас»

Балалар әдебиеті

1. Ыбырай Алтынсарин «Өнер-білім бар жұрттар»
2. Бердібек Соқпақбаев «Жекпе-жек»



2022 жылы "Бір ел – бір кітап - 2022" республикалық акциясы аясында оқуға ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы шығармалары ұсынылып отыр. Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын ЮНЕСКО көлемінде және елімізде атап өтеді. Қазақ елі үшін Ахмет Байтұрсынұлы

ерекше тұлға, ол мемлекет қайраткері, ғалым, ағартушы, ақын, публицист, ұлттық жазудың реформаторы, қазақ лингвистикасы мен әдебиеттанудың негізін қалаушы. Ұлт ұстазына айналған Ахмет Байтұрсынұлының шығармалары таңдап алынды. Шығармалары оқуға келесі бағыттар бойынша ұсынылды:

- 1) “Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы”
- 2) “Ахмет Байтұрсынұлының әдеби шығармалары”
- 3) “Ахмет Байтұрсынұлының қанатты сөздері”
- 4) “Қазіргі заманғы ахметтану ғылымы” Ахмет Байтұрсынұлының асыл мұралары оқырмандардың қызығушылығын әрі қарай жоғарылатуына мүмкіндік туғызады.



2023 жылы «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында қазақ жазушысы, драматург, қоғам қайраткері Төлен Әбдіктің шығармаларын оқуға ұсынылды. Төлен Әбдік - қазақ прозасында ерекше қолтаңбасы бар қаламгер. Тұңғыш рет 1969 жылы «Көкжиек» әңгімелер жинағы жарық көріп, қазақ әдебиетіне философиялық проза жанрын ала келген белгілі жазушы ретінде танымал. Ол 1942 жылы 4 қыркүйекте Қостанай облысының Жангелдин ауданындағы Еңбек ауылында дүниеге келген. Төлен Әбдік 1965 жылы қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің филология факультетін бітірген.

Шығармалары 1964 жылдан бастап түрлі газет-журнал беттерінде жарияланған. Төлен Әбдіктің алғашқы шығармасы университет қабырғасында көңіліне ұнаған бойжеткенге байланысты жазылған. Замандастарының айтуынша, сол күнде жас та болса сол әңгімесі өз ортасында біраз талқыланып, жақсы бағаланған. Одан кейінгі жылдары «Көкжиек» (1969 жыл), «Күзгі жапырақ» (1971 ж.), «Ақиқат» (1974 ж.), «Айтылмаған ақиқат» (1979 ж.) әңгіме, повестер жинақтарын, «Өліара» (1985ж.), «Ақшоқыда қыс қатты» (1987 ж.), «Парасат майданы» (2002 ж.) романдары жарық көрді. Сонымен қатар қаламгердің әңгіме, повестері орыс тілінде «Истина» (1980 ж., 1981 ж.) деген атпен шықты. Грек аңыздары – «Эллада ерлерін» (1977 ж.) қазақ тіліне аударған. «Біз үшеу едік» драмасы Ғабит Мүсірепов атындағы театрда сахналанған.


Жазушы шығармаларында тіс бата бермейтін маңызды тақырыптар – парасат майданы, ақыл мен азап ауруы, тұлғаның екіге жарылуы, кейіпкердің қарапайым адамдарға тән емес науқаспен ауруы, философиялық болмысты іздеу сияқты күрделі, тың дүниелер қозғайды. Модернизмнің жұрнақтары – қазақ әдебиетінде, соның ішінде Т.Әбдіктің шығармаларында қалай көрініс тапқандығы көрінеді.

Жазушыға 2002 жылы жазушыға отандық әдебиетті дамытуға қосқан зор үлесі үшін оған «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді.

2003 жылы Франц Кафка атындағы халықаралық сыйлығы мен алтын медалі берілді, 2004 жылы «Парасат майданы» повесі үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

2013 жылы Төлен Әбдік «Түркі әлемінің үздік жазушысы» атанды. Түркияның Эскишехир қаласында өткен «Әдеби журналдар редакторларының VI құрылтайында» қазақ жазушысы Т.Әбдікке мәртебелі

атақ салтанатты түрде табыс етілді. Қаламгердің шығармалары түбі бір туыс 13-тен астам елдің тілдеріне аударылып, кеңінен таралды. Сонымен қатар 2013 жылы көрнекті еңбегі үшін «Парасат», 2019 жылы ұлттық әдебиеттің дамуына қосқан үлесі бірінші дәрежелі «Барыс» ордендерімен марапатталған.



Әбдікұлы Т. Парасат майданы [Мәтін] : таңдамалы / Т. Әбдікұлы. – Алматы : «Раритет», 2012. – 616 б.

«Парасат майданы» хикаятнамасын замандастары басындағы күйзелістерді зерделейтін оқырмандарына табыстады. Жазушының шығармаларында негізінен тіршілік ағысының тереңіне, құпиясына үңілу, өмір шандығын философиялық тұрғыдан пайымдау басым. Адам тағдыры қоғам бейнесінің айнасы іспетті.

Кейіпкердің күйзелісі тек психологиялық құбылыс ретінде ғана емес, замана болмасының бет бейнесін анықтайтын рухани өлшем ретінде қарастырылады.

Автор «Парасат майданы» повесі үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ПЕН-клуб сыйлығының лауреаты және Франц Кафка атындағы Еуропалық алтын медальдың иегері атанды.



Әбдікұлы Т. Оң қол [Мәтін] : повесттер мен әңгімелер /Төлен Әбдікұлы. – Алматы: Атамұра, 2002. – 352 б.

Қараңыз, қызық дүние байқайсыз. Ол автордың үш шығармадағы алған кейіпкерлері типтік бір ғана образды беріп тұр. «Оң қол» - Алма қыздың санасының ауруға шалдығуы. Автор Алманың бұл өмірде не үшін өзіне қол жұмсағысы келетінін жұмбақ қалдырады. Тұлғаның екіге жарылуының алғашқы деңгейі басталады.

Әбдікұлы Т. Әке [Мәтін] : повесттер мен «Әке» әңгімелер / Төлен Әбдікұлы. Алматы: Қайнар, 2006. – 384 б.



Көркем туындылардағы марқұмды аттандыру, азалау шараларының ұлттық ұғымға сай өрнектерін Т. Әбдіков сынды қаламгерлер кеңестік әдебиет



тұсында да жан-жақты көрсете білген. Науқас адамның көңілін сұрау өмірге үміттендіріп, көңілін аулаудан бастап, жерлеуге дейінгі аралықтағы дәстүрлі рәсімдер жүйесін қаламгерлік шеберлікпен қиюластырған Т. Әбдіқұлының «Әке» повесі. Шығармадағы әке жайлы толғаныстар перзент ой-көзқарасымен беріледі.

Әбдіқұлы Т. Ақиқат [Мәтін] : повесттер мен әңгімелер / Төлен Әбдіқұлы. – Алматы: «Жазушы», 1974. – 184 б

Төлен Әбдіқұлының «Ақиқат» хикаятындағы кейіпкер тұжырымы. Егер тереңірек ойлансақ, кейіпкер тұжырымы ғана емес, біз «өмір заңдылығы» деп атайтын тіршіліктің тынымсыз тынысы да осы тәрізді. Бәрімізді де өмір сүруге құлшындыратын, алға ұмтылдыратын, алыстан менмұңдалап шақырар әлдебір мұратқа жетелейтін – сол көкейімізді тескен, көкірегімізге орныққан, өзіміз «арман», «үміт», «мақсат» деп алуан түрлі ат қойған тілек пен әрекет.



2024 жылы "Бір ел - бір кітап" акциясы аясында қазақ прозасына өзгеше өрнек, ғажайып сыр-сипат әкелген көрнекті қазақ жазушысы, балалар әдебиетінің классигі, 2024 жылы 100 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтілетін Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларын оқимыз. Бердібек Соқпақбаев шығармашылық қызметін ақын

ретінде бастады. 1950 жылы оның «Бұлақ» атты алғашқы өлеңдер жинағы жарыққа шықты. Авторлық сезімдердің ерекше сенімділігі мен шынайылығымен ерекшеленген жинақ бірден өз оқырмандарын тапты. Б. Соқпақбаев Қазақстан жазушылар одағында балалар әдебиеті бойынша кеңесші болып жұмыс істеді. Ең алдымен ол балалар жазушысы. Балалық пен жастық оның барлық кітаптарының негізі. Соқпақбаевтың шығармалары негізінен автобиография болып табылады.

Көп ұзамай Соқпақбаев прозада да бағын сынап көрді. Жазушының тарихы күрделі емес, бірақ қазақ ауылының өмірі мен тіршілігінің көлемді бейнесі суреттелген «Он алты жасар чемпион», «Бақыт жолы», «Өзім туралы» повестері тек жасөспірімдердің ғана емес, сондай-ақ ересек қазақ оқырмандардың да жүрегінен орын тапты. Бұл таңқаларлық жайт емес. Өйткені, жазушының кітаптарында тәрбиелік мәні бар көсемсөздер мен тентек және күлкілі кейіпкерлер өмір сүреді. Ал кітапты оқығанда олардың жетістіктеріне қуанбау, қиындықтарына көңіл бөлмеу, оларды сүймеу мүмкін емес. Соқпақбаев «Менің атым Қожа » повесінің арқасында танымал болды. Бұл туынды «Детская литература» баспасында шығып, содан кейін орыс тілінен көптеген тілдерге аударылып, Франция, Польша, Чехословакия, Болгария секілді шетелдерде жарияланды. Тек содан кейін ғана бұл шығарма өз отанына оралып, байырғы қазақ тілді оқырмандардың жүрегінен ойып орын алды. Бұл повесть бойынша «Қазақфильм» киностудиясында көркем фильм түсіріліп, 1967 жылы Канн қаласында өткен Балалар мен жасөспірімдер фильмдерінің халықаралық фестивалінде арнайы жүлдеге ие болды. Повестің басты кейіпкері – Қожа арманшыл, сотқар бала. Тентектігімен үнемі түрлі жағдайларға тап болып жүретін Қожа ақыл-ойы мен біліктілігінің арқасында қиындықтардан шыға алды. Ол біреудің қайғы-қасіретіне көз жұма қарамайтын елгезек, жоғары әділеттілік сезіміне ие, досқа адал, қайырымды, зұлымдыққа жол бермейтін бала. Ал осы қасиеттердің барлығы оқырмандардың жүрегінен мейірімділік тудырып, Қожа батыр бала атанды. 1960 ж. жарық көрген «Балалық шаққа саяхат» повесі қазақ балалар әдебиетінің асыл мұрасына айналды. 1930-шы жылдардағы кішкентай кейіпкердің тағдыры арқылы өтетін повесть сол уақыттағы оқиғаларды және қазақ халқының қиын өмірін еш боямасыз көрсетеді. Сондай-ақ, жазушы «Өлгендер қайтып келмейді» романында өмір жолында алдынан шыққан барлық қиындықтарды еңсерген табанды, батыл жас жігіттің өмірін және мінезінің қалыптасуын көрсетеді. Романның әрбір бетінде сол уақытқа тән өмір ұшқындары кездеседі. Соқпақбаевтың көптеген шығармалары жас оқырмандарға арнап жазылған. Адамның әрбір кезеңі оның шынайы қуанышына толы. Осы тұрғыдан алғанда, қаладан атасына келіп, басынан қызықты ауыл өмірін өткерген қалалық қыз туралы «Аяжан» атты әңгімесі шынайы қызығушылық тудырады. Жазушының кейінгі шығармаларының ішінде махаббат, сұлулық тақырыбына арналған «Қайдасың, Гаухар?» атты тамаша әңгімесі бар. Бердібек Соқпақбаевтың барлық туындыларында оның шығармашылығының қайнар көзі халық өмірінен бастау алғаны сезіледі. Жазушының бейнелеу қабілеті өте бай. Ол өз кейіпкерлерінің портетін шебер суреттеп, әрқайсысын өзіне тән тілде

сөйлетеді. Кейіпкердің ішкі күйзелісі мен ой-пікірлері жазушының басты көркемдік әдісі болып табылады.

2025 жылы «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында әдебиетімізде өзіндік қолтаңбаларын қалдырған екі автордың шығармаларын бүкіл ел болып оқитын боламыз.



Олар Тәкен Әлімқұлов пен Жұмекен Нәжімеденов - бұл есімдер қазақ әдебиеті мен мәдениетінің тарихында мәңгі қалады. Қазақ әдебиетінің поэзия және проза жанрынан екі авторды оқу. Проза жанры бойынша көпшілік дауыспен ұлтымыздың көрнекті жазушысы, ақын, сыншы, аудармашы, суреткер Тәкен Әлімқұловтың

шығармаларын оқу ұсынылды. Поэзия жанры бойынша мемлекеттік сыйлықтың иегері, көрнекті ақын, биыл 90 жылдық мерейтойы аталып өтетін Жұмекен Нәжімеденовтың шығармалары таңдалды.

Тәкен Әлімқұлов - ақын, жазушы, әдебиет сыншысы, 1918 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданында дүниеге келген. Ол соғыстан кейінгі жылдары әдеби қызметпен айналысып, 1953 жылы М. Горький атындағы әдеби институтты бітірді. Оның шығармашылығында поэтикалық жинақтар да, проза жанрындағы шығармалар да бар, олардың арасында «Ақбоз ат», «Күрең өзен», «Тұлпарлар тағдыры» сияқты кітаптар бар. Оның әдеби-сыни зерттеулеріне ерекше назар аудару керек, оның ішінде «О прошлом и настоящем» және «Жұмбақ жан. Абай туралы деректі хикая». Әлімқұловтың шығармалары ел психологиясының тереңдігін, дәстүрлі мәдениеттің эпикалық кеңдігін, қоғамның дамуы үшін маңызды тарихи оқиғаларды бейнелейді. Әдебиеттанушы Қансейіт Әбдезұлының айтуынша, Әлімқұлов нағыз ұлы шығармаларды жасаған эпикалық прозаның шебері болған.

Жұмекен Нәжімеденов - ақын, жазушы, аудармашы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, 1935 жылы Атырау облысында дүниеге келген. Нәжімеденов өмір бойы өлең авторы ретінде ғана емес, талантты аудармашы ретінде де қазақ әдебиетінде терең із қалдырды. Оның алғашқы «Нива» өлеңдер жинағы 1961 жылы жарық көрді, ал оның поэтикалық шығармалары тек Қазақстанда ғана

емес, шетелде де танылды. Жүмекен Нәжімеденов сонымен қатар 2006 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы әнұранының авторларының бірі болып табылады. Оның шығармашылығы қазақ поэзиясын байытты. Ол бірқатар шетелдік ақындардың шығармаларын қазақ тіліне аударды. 2010 жылы Нәжімеденов «Менің Қазақстаным» өлеңдер мен поэмалар жинағы үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ие болды. «Бір ел – бір кітап» акциясы аясындағы іс-шаралар оқырмандарға осы екі талантты автордың шығармалар әлеміне еруге мүмкіндік береді. Жыл бойы әдеби көрме жұмыс істейді, шығармашылық кездесулер, оқырман конференциялары өтеді, бұл Әлімқұлов пен Нәжімеденов шығармашылығының қазақ әдебиеті мен жалпы әлемдік мәдениет үшін маңызын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Акцияға қосылып, өзіңіз үшін уақыт өте келе өзектілігін жоғалтпайтын және оқырмандармен жүрек тілінде сөйлесуді жалғастыратын бір дәуірдің екі керемет дауысын ашыңыз.



«Бір ел - бір кітап» акция шежіресіне ұсынылған библио - бүктеме ғылыми қызметкерлерге, оқытушылар мен студенттерге ел әдебиетін білгісі келетін барша оқырман қауымға арналған.

Кітапханаға келіңіздер!

Кітап талқылайық!

Кітап оқиық!

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Құнанбаев, Абай. Қара сөз: өлеңдер / Абай Құнанбаев; алғы сөзін жазғ.: Р. Сейсенбаев. – Семей: Международный клуб Абая, 2007. – 382 б.
2. Әуезов, Мұхтар. Қилы заман: повестер мен әңгімелер / Әуезов М. О. – Алматы: Жазушы, 1979. – 384 б.
3. Жұмабаев, Мағжан. Жан сөзі: өлеңдер мен дастандар / Жұмабаев М.; алғы сөз жазғ.: Ж. Аймауытов, М. Әуезов, Ш. Елеукенов. – Алматы: Раритет, 2005. – 256 б.
4. Молдағалиев, Жұбан. Мен қазақпын: өлеңдер мен поэмалар / Молдағалиев Жұбан. – Алматы: Атамұра, 2007. – 240 б.
5. Аймауытов, Ж.Ақбілек: повесть, роман / Аймауытов Ж. – Алматы: Атамұра, 2003. – 280 б.
6. Бөкеев, О. Қайдасың қасқа құлыным?: повестер, новеллалар / Бөкеев О. – Алматы: Жазушы, 1973. – 200 б.
7. Оңғарсынова, Ф. Дауа: өлеңдер / Оңғарсынова Ф. – Алматы: Атамұра, 2002. – 288 б.
8. Мұратбеков, С. Жусан иісі / Мұратбеков С.; құраст.: А. Ментебаева. – Алматы: Олжас кітапханасы, 2012. – 180 б.
9. Есенберлин, І. Көшпенділер: тарихи трилогия / Есенберлин І. – Алматы: Көшпенділер, 2006. – 912 б.
10. Бабатайұлы, Д. Шығармалары мен тағылымы: өлеңдер, сын-зерттеулер / Бабатайұлы Д.; құраст.: Қ. Раев. – Алматы: Раритет, 2003. – 288 б.
11. Торайғыров, С. Алаш ұраны: таңдамалы шығармалар / Торайғыров С. – Алматы: Жазушы, 2002. – 152 б.
12. Момышұлы, Бауыржан. Ұшқан ұя: повесть, әңгімелер / Момышұлы Бауыржан. – Алматы: Санат, 2005. – 224 б.
13. Шәкәрім: энциклопедия / [бас ред.: Е. Б. Сыдықов ; алғы сөз жазғ.: Т. Шаңбай] . – Семей: [Шәкәрімтану ғылыми–зерттеу орталығы], 2008. – 864 б.

14. Келімбетов, Н. Үміт үзгім келмейді: хикаят-монолог, эссе / Келімбетов Н. – Алматы: Раритет, 2011. – 328 б.
15. Абай жолы Әуезов Мұхтар ; жоба жет. Нұрғали Р. ; Ред. алқа: Асқаров Ә., Құл-Мұхаммед М., Бердібаев Р. т.б. – Алматы : Жазушы , 2009. – Қазақтың 100 романы.– 2000 дана . – 978-601-200-199-0 1-ші кітап . Роман-эпопея– 376 бет.
16. Абай жолы Әуезов Мұхтар ; жоба жет. Нұрғали Р. ; Ред. алқа: Асқаров Ә., Құл-Мұхаммед М., Бердібаев Р. т.б. – Алматы : Жазушы , 2009. – Қазақтың 100 романы.– 2000 дана . – 978-601-200-200-3 2-ші кітап . Роман-эпопея – 432 бет.
17. Абай жолы : роман-эпопея Әуезов Мұхтар- Нұр-Сұлтан : Foliant , 2021. – Сөз-маржан. – 978-601-338-801-4, – 1000 дана . – 978-601-338-804-5 3-кітап . роман-эпопея– 480 бет.
18. Абай жолы : роман-эпопея Әуезов Мұхтар- Нұр-Сұлтан : Foliant , 2021. – Сөз-маржан.– 1000 дана . – 978-601-338-805-2, – 978-601-338-801-4 4-кітап . роман-эпопея– 528 бет .
19. Ұстаздың оралуы [Текст] : роман мен повестер / Ә. Әлімжанов ; Р. Сейсенбаев ; [орысшадан аударған С. Мұратбеков]... – Жидебай ; Шиліөзек : Роллан Сейсенбаев : Халықаралық Абай клубы, 2013. – 309 б.
20. Өмірдастан [Мәтін] : таңдамалы өлеңдер мен поэмалар / М. Мақатаев ... – Алматы : ҚАЗАқпарат, 2015. – 231, [1] б.
21. Менің Қазақстаным [Мәтін] : Өлеңдер мен дастандар / Ж. Нәжімеденов ; [құраст.: Б. Омаров, Р. Отарбаев]... – Алматы : Атамұра, 2008. – 367 б.
22. Киіз кітап [Мәтін] : Ел мен жер жырлары / Ұ. Есдәулет ... – Астана : Елорда, 2000. – 384 б.
23. Ақсұңқар, С. Көкейімде Күлтегіннің Жазуы [Мәтін] : өлең / С. Ақсұңқар. – Алматы: Атамұра, 2019. – 368 б.
24. Түн парақтары [Мәтін] : өлеңдер / Таңжарық, Тоқтарәлі ... – Алматы : Жалын, 2008. – 63 б.
25. Бахыт, Ж. Достояние души [Текст] : стихотворения / Ж. Бахыт(Канапьянов) ... – Алматы : Жибек жолы, 2018. – 264, [1] с.

26. Нұрмағанбетов, Т. Періштелердің өлімі [Мәтін] : роман, хикая, әңгімелер / Т. Нұрмағанбетов. – Алматы: Мектеп, 2023. – 400 б.
27. Отамалы [Мәтін] : әңгімелер мен хикаяттар / Т. Жармағамбетов ; [құраст. Е. Дүйсенбайұлы ; ред. алқ.: А.П. Баранов [ж. б.]]... – Алматы : Раритет, 2002. – 210, [2] б.
28. Қасірет пен тағдыр [Мәтін] : роман / С. Досжан ... – Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2019. – 356, [1] б.
29. Дәмді де пайдалы қазақстандық әдебиет жайлы кітап , Книга о вкусной и здоровой казахстанской литературе [Текст] / Серебрянский Юрий ... – Алматы, 2020. – 256 с.
30. Бөрісоқпақ [Мәтін] : Әңгімелер жинағы / Д. Қуат ... – Алматы : [Б. ж.], 2018. – 266, [1] б.
31. Сәукетаев, Т. Желқайық [Мәтін] : роман / Т. Сәукетаев. – Алматы: Ан Арыс, 2019. – 580 б.
32. Отарбаев, Р. Айна-ғұмыр [Мәтін] : пьесалар / Р. Отарбаев. – Астана: Фолиант, 2013. – 512 б.
33. Исабеков , Дулат. Жеті желкен [Мәтін] : пьесалар / Д. Исабеков ... – Алматы : Өнер, 1987. – 304 б.
34. Омарова, Мадина. Көмбе нанның дәмі [Мәтін] : әңгімелер / М. Омарова. – Алматы: Алматы – Болашақ, 2020. – 256 б.
35. Жанталас [Мәтін] : [пьесалар] / С. Қасымбек ; [алғы сөзі Р. Сейтмет] .- Алматы : Қазығұрт , 2005.– 1200 дана . – ISBN 9965-22-147-2 (2-т.), ISBN 9965-22-145-6 (мұқ.) - Мырзатай Жолдасбеков қоры . 2-том .– 453, [1] б.
36. Алтынсарин, Ыбырай. Өнер-білім бар жұрттар [Мәтін] : өлеңдер, әңгімелер, очерктер, хаттар және естеліктер / Ы. Алтынсарин ; [құраст. С. Мақыров, ред. С. Мәметов]... – Алматы : Жалын, 1991. – 238 б.,
37. Рамазан, Д. Пешене [Мәтін] : пьесалар / Д. Рамазан. – Алматы: Дәуір, 2020. – 248 б.
38. Соқпақбаев, Б. Жекпе-жек [Мәтін] : повесть / Б. Соқпақбаев. – Қарағанды: Qasym баспа үйі", 2023. – 198 б.

- 39.Әбдірайым, Т. Алабұға аулаған күн [Мәтін] : хикаят, әңгімелер, ертегілер, мысалдар. / Т. Әбдірайым ; Ред: Ш. Күмісбайұлы. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2012. – 256 б.
- 40.Наурзбаева, З. Алтын тостағанды іздеу. Бату мен оның достарының бастан кешкендері [Мәтін] : повесть / З. Наурзбаева, Л. Калаус. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2018. – 236 б.
- 41.Маркес, Г. Г. Жүз жылдық жалғыздық [Мәтін] : роман / Г.Г. Маркес ; аударған Кеңес Юсуп. – Астана: Елорда, 2001. – 432 б.
- 42.Ғайып болған миллион = Poirot investigates [Мәтін] : әңгімелер / А. Кристи ; ауд. Ә. Ахметов... – Нұр-Сұлтан : Foliant, 2022. – 173, [2] б.
43. Байтұрсынұлы, Ахмет. Маса [Мәтін] : өлеңдер мен көсемсөздер / А. Байтұрсынұлы ... – Алматы : Раритет, 2005. – 208 б.
44. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы [Мәтін] / ; [жауапты ред. О. Жұбаева ; жауапты шығ.: Ә. Ахмет [ж.б.] ; А. Байтұрсынұлы атын. Тіл білімі ин-ты, Л. Н. Гумилёв атын. ЕҰУ "Алаш" ғылыми-зерттеу ин-ты, ҚР Ұлттық кітапханасы, ҚР Орталық мем-тік архиві]... – Астана : Алашорда, 2017. – 751 б.
- 45.Ахмет Байтұрсынұлы [Мәтін] : зерттеу-эссе / Әбдиманұлы Өмірхан ... – Алматы : Арда, 2007. – 295 бет.
- 46.Ахмет Байтұрсынұлы [Мәтін] : энциклопедия / ... – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2017. – 744 бет 24 см + 1 CD .
47. Әбдікұлы, Төлен. Әке [Мәтін] : повестер мен әңгімелер / Т. Әбдікұлы ... – Алматы : Қайнар, 2005. – 383, [1] б.
48. Әбдікұлы, Төлен. Парасат майданы : таңдамалы / Әбдікұлы, Төлен ... – Алматы : Раритет, 2012. – 609, [1] б.
- 49.Оң қол : повестер мен әңгімелер / Әбдікұлы, Төлен ... – Алматы : Атамұра, 2002. – 352 б.
- 50.Әбдікұлы Т. Парасат майданы [Мәтін] : таңдамалы / Т. Әбдікұлы. – Алматы : «Раритет», 2012. – 616 б.
- 51.Әбдікұлы Т. Ақиқат [Мәтін] : повесттер мен әңгімелер / Төлен Әбдікұлы. – Алматы: «Жазушы», 1974. – 184 б.

52. Бердібек Соқпақбаев туралы естеліктер [Text] / ; құраст.: С. Соқпақбаева, Б. Мұқай... – Алматы : Білім, 2005. – 205, [2] б.
53. Соқпақбаев, Бердібек. Менің атым Қожа [Мәтін] : хикаяттар мен әңгімелер / Б. Соқпақбаев ... – Алматы : ҚАЗАқпарат, 2005. – 212 б.
54. Соқпақбаев, Бердібек. Балалық шаққа саяхат [Мәтін] : хикаяттар / Б. Соқпақбаев ... – Алматы : Раритет, 2005. – 320 б.
55. Таңдамалы [Мәтін] / Т. Әлімқұлов ; ҚР Мәдениет және спорт министрлігі... – Алматы : Қазақпарат, 2015. – 1115 б.
56. Тарланбоз Тәкен [Мәтін] / Ө. Қырғызбаев ... – Алматы : ҚАЗАқпарат, 2006. – 79 б.
57. Таңдамалы [Мәтін] / Т. Әлімқұлов ; ҚР Мәдениет және спорт министрлігі... – Алматы : Қазақпарат, 2015. – 1115 б.
58. Нәжімеденов, Ж. Менің Қазақстаным [Мәтін] : өлеңдер мен дастандар / Ж. Нәжімеденов ; [құраст., Б. Омаров, Р. Отарбаев]. – Алматы: Атамұра, 2008 ж. – 368 б.
59. Нәжімеденов, Ж. Домбыра ойнау онай ма? [Мәтін] : әдістемелік құрал / Ж. Нәжімеденов ; пікір жазған: Құлманова Ш. – Алматы: Өнер, 2013. – 160 б.
60. Нәжімеденов, Ж. Жаңғырық [Мәтін] : өлеңдер мен поэмалар / Ж. Нәжімеденов. – Алматы: Атамұра, 2003. – 280 б.
61. Нәжімеденов, Ж. Екі томдық шығармалар жинағы [Мәтін]. 2-том / Ж. Нәжімеденов. – Алматы: Жазушы, 2005. – 312 б.
62. Нәжімеденов, Ж. Үш томдық шығармалар жинағы [Мәтін] : өлеңдер мен поэмалар / Ж. Нәжімеденов ; ред: К. Ерлепес, сур: Ж. Айдос, тех., ред: Д. Омарғалиева. – Алматы: Қазығұрт" баспасы, 2012. – 488 б.

Біздің кітапхананың мекен-жайы:
110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Родина ауылы
Гагаринакөшесі, 21. Тел. 2-10-18
E – mail: cbs10@mail.ru

Құрастырған: Көшкінбай С.М.
Тексерген: Исабекова Л.Б.
Жауапты: Құсайын Д.Е.
Компьютірлік терілім: Көшкінбай С.М.
Таралым: 25

